

Ұлытау ауданының түлектеріне арналған Жастар практикасын ұйымдастыру туралы

Күшін жойған

Қарағанды облысы Ұлытау ауданы әкімдігінің 2009 жылғы 29 мамырдағы N 09/05 қаулысы. Қарағанды облысы Ұлытау ауданының Әділет басқармасында 2009 жылғы 08 шілдеде N 8-16-45 тіркелді. Күші жойылды - Ұлытау облысы Ұлытау ауданының әкімдігінің 2024 жылғы 29 қазандағы № 39/01 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Ұлытау облысы Ұлытау ауданының әкімдігінің 29.10.2024 № 39/01 қаулысымен (оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 31 бабы 13 тармақшасын, 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Халықты жұмыспен қамту туралы" Заңының 7 бабы 6 тармақшасын басшылыққа алып, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 6 наурыздағы N 264 "Мемлекет басшысының 2009 жылғы 6 наурыздағы "Дағдарыстан жаңарту мен дамуға" атты Қазақстан халқына Жолдауын іске асыру жөніндегі шаралар туралы" Қаулысына сәйкес жоғарғы оқу орындарының, колледждердің және кәсіби лицейлердің түлектерін (жұмыссыз азаматтарды) жұмыспен қамтамасыз ету мүмкіндігін ұлғайту және олардың тәжірибе алуын, білімін жетілдіруді қамтамасыз ету мақсатында аудан әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Уәкілетті орган – "Ұлытау ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесі (одан әрі – жұмыспен қамту бөлімі):

1) жұмыспен қамту бөлімінде жұмыссыздар ретінде тіркелген жоғарғы оқу орындарының, колледждердің және кәсіби лицейлердің түлектері арасында Жастар практикасын жүргізу жұмыстарын ұйымдастырсын;

2) жұмыссыз жастарға арналған дипломнан кейінгі кәсіби тәжірибені ұйымдастыруға жұмыс берушілермен келісім-шарт жасау міндеттелсін;

3) Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 6 наурыздағы N 264 Қаулысына сәйкес Жастар практикасына қатысушылардың еңбекақысын қарастыру жүктелсін.

2. Жастар практикасына қабылданған тұлғалардың айлық жалақысының мөлшері республикалық бюджеттен бөлінген қаражат есебінен 15000 (он бес мың) теңге көлемінде белгіленсін.

3. Осы қаулының орындалысына бақылау жасау аудан әкімінің орынбасары
Ә.Т. Әбдікеревке жүктелсін.

4. Осы қаулы алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен
соң қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

Ж.Ә. Дәрібаев

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМҚ